

ХАТТАМА №1

Өтетін күні: 25.08.2025 жыл

Қатысушылар: 7 педагог

Күн тәртібінде:

1. Педагогикалық кеңестің құрамын бекіту, хатшысын сайлау.
2. Балабақша педагогикалық ұжымын 2025-2026 оқу жылының жылдық жоспарымен, оқу жоспарымен, ұйымдастырылған іс-әрекеттің жүктемесімен, перспективалық жоспармен, балалардың күн тәртібімен таныстыру, талдау, талқылау, бекіту.
3. 2025-2026 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқаулық хатпен таныстыру.
4. Топтарға жауапты тәрбиешілерді бекіту.
5. Тамақтанудың сапасын бағалау.

Тыңдалды: Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Л.Т.Табышева педагогтерді жаңа оқу жылының басталуымен құттықтай отырып, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырды. Сондай-ақ педагогикалық кеңестің құрамын бекіту керектігін айтты. Педагогикалық кеңестің құрамына білім беру ұйымының басшысы, әдіскер, тәрбиешілер кіретіндігін айтты. Сонымен қатар, педагогикалық кеңестің өз құрамынан 1 жылдық мерзімге хатшы сайлау керектігін айта отырып, 2025-2026 оқу жылында педагогикалық кеңестің хатшысы болып Бердімұратова Раушан сайланғандығын естеріне салып өтті.

Күн тәртібіндегі қаралатын екінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Лаззат Таукеновна жылдық жоспардың бөлімімен, жасалу принципімен, балабақшаның жұмыс бағыты, мақсат-міндеттерімен таныстырып өтті.

Әдіскер жылдық жоспарда барлық педагогтің жоспарды жүзеге асыру рөлі, ұйымның мақсат-міндеттері, іс-әрекет және қызмет түрлерін іске асыру қызметі және іс-шараларды өткізетін жауапты адамдар нақты көрсетілген. Сол себепті, менің ойымша бекітуге болады деп ойлаймын деп, өз ойын түйіндеді.

Күн тәртібіндегі қаралатын үшінші мәселе бойынша әдіскер 2025-2026 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқаулық хатпен таныстырды.

2025-2026 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары тәрбиелеу білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хат - тәрбиелеу - білім беру процесін ұйымдастыруда қолданыстағы заңнама нормаларын сақтау, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын, Үлгілік оқу жоспарларын, Үлгілік оқу бағдарламасын іске асыруға бірыңғай тәсілдерді қалыптастыру мақсатында әзірленгенін айтып өтті. Сонымен қатар, әдістемелік нұсқау хатта: - тәрбиелеу-білім беру процесін реттейтін нормативтік құжаттардың талаптарын басшылыққа алу; - қауіпсіздікті қамтамсыз ету; - МДҰ-да тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру; - мектепалды даярлықты ұйымдастыру; - балаларға қазақ тілін үйрету; - ұлттық құндылықтарды

